

## АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҮДДЕЛЕРІ

\*Асхат Г. <sup>1</sup>, Қуантай А.Қ. <sup>2</sup>

\* <sup>1</sup>Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ PhD докторы, Алматы, Қазақстан  
e-mail: [gulnash@inbox.ru](mailto:gulnash@inbox.ru)

<sup>2</sup>Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ магистранты, Алматы, Қазақстан  
e-mail: [aqq0120@gmail.com](mailto:aqq0120@gmail.com)

**Аннотация.** Соңғы жылдары Қытай Халық Республикасы әлемдік және аймақтық нарықтардағы маңызды экономикалық аймақ мәртебесіне ие. ҚХР Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады және ҚР экономикасына басты инвесторлардың қатарына кіреді. Соңғы уақыттағы қаржы дағдарысына, сондай-ақ COVID-19 пандемиясы аясында болып жатқан әлемдік экономикадағы құлдырау туралы пессимистік жаңалықтарға қарамастан, Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық оң көрсеткіштерді көрсетуін жалғастыруда.

Алайда, Қытаймен қарым-қатынас туралы сөз болғанда, көбінесе экономиканы әртараптандыру және арзан ақша табу сияқты артықшылықтарға баса назар аударылатынын және ықтимал қауіптерге жеткілікті көңіл бөлінбейтінін де аңғаруымыз керек. Халықтың мүддесі – мемлекеттің мүддесі болып табылғандықтан, мұндай қарым-қатынастар барысында туындайтын халықтың бірқатар үрейлері негізсіз болып табылмайды және толықтай зерттеліп, қарастырылуды қажет етеді. Мұндай сын-қатерлердің шығу себебін анықтау үшін, әр тараптың, яғни ҚР мен ҚХР-дың жеке мүдделерін зерттеу, аталмыш мүдделердің тоғысатын нүктелерін анықтау маңызды болып табылады.

Осыған орай, зерттеудің басты мақсаты ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастық бойынша сұрақтарды екі мемлекеттің мүдделерін де ескере отырып зерттеу болып табылады. Мақсатқа жету үшін зерттеу барысында келесі міндеттер: Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының қазіргі жағдайын бағалау; ынтымақтастықтағы әр мемлекеттің жеке мүдделерін анықтау; мұндай байланыстарды дамытуға бағытталған нақты жобаларды зерттеп, олардың әр тарап мүдделерін қаншалықты қанағаттандырып жатқанын бағалау; Қытай-Қазақстан қарым-қатынастарында туындайтын ҚР және ҚХР алдындағы тәуекелдерді анықтау міндеттері орындалды. Зерттеу нәтижесінде Қытай-Қазақстан ынтымақтастығы, сөзсіз, болуы тиіс, бірақ Қазақстан Республикасының жеке мүдделеріне және халықтың мүдделеріне көбірек көңіл бөлуіміз керек деген қорытынды жасалды.

**Тірек сөздер:** аймақтық нарық, сауда-экономикалық ынтымақтастық, экономиканы әртараптандыру, ықтимал қауіптер, тараптардың мүдделері.

### Негізгі ережелер

Бүгінгі таңда Қытай Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен стратегиялық серіктестік қарым-қатынас орнатса да, Қазақстанмен ынтымақтастығының басымдығы күмән тудырмайды. Бұған Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары "жан-жақты стратегиялық әріптестік қатынастар" ретінде сипатталатыны дәлел бола алады. Посткеңестік кеңістікке мұндай мәртебеге Қазақстаннан басқа тек Ресейдің Қытаймен қарым-қатынастары ғана ие және бұл факт көп нәрсені аңғартады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастарды тереңдетуге келетін болсақ, бұл жерде "Қазақстан-2050" Стратегиясында және сыртқы саясат тұжырымдамасында айқындалғандай, ең алдымен Қазақстанның ұлттық мүдделерін негізге алу қажет. Алайда, күштердің жаһандық және

аймақтық тепе-теңдігі мен серіктестердің мүдделерін де ескеру маңызды болып табылады.

Қазақстан мен Қытайдың ұлттық мүдделері тоғысқан салаларға толығырақ тоқталу жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастарын одан әрі дамыту үшін негіз іздеуге мүмкіндік береді.

"Қазақстан-2050" Стратегиясында және Қазақстан Республикасының сыртқы саясат тұжырымдамасында Қытай сыртқы саяси басымдықтар арасында Ресейден кейін екінші орында тұр және мұның өз логикасы бар.

Егер біз сыртқы саясат тұжырымдамасындағы мақсаттарға, сондай-ақ, стратегияда көрсетілген қауіптер мен сын – қатерлерге назар аударатын болсақ, онда Қытаймен ынтымақтастықсыз бұл мақсаттарға қол жеткізе алмайтынымызды, сондай-ақ қауіптер мен сын-қатерлерге барабар жауап табу мүмкін еместігі айқындалады.

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында қазіргі кезде аймақтық ынтымақтастық бойынша біршама ілгерілеушілікке қол жеткізілгенімен, елдер өздерінің күшті жақтарын толық пайдалана алуы және ортақ сын-қатерлерді жеңуі үшін ұлттық басымдықтарды аймақтық басымдықтармен неғұрлым тығыз сәйкестендіруге күш салу әлі де қажет.

Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы шектесетіндіктен, олардың арасындағы аймақтық экономикалық ынтымақтастықты дамыту Қазақстан мен Қытайдың жалпы дамуына ықпал етіп қана қоймай, Қазақстанның Орталық Азиядағы қауіпсіздігі мен тұрақтылықтың нығайтады.

Сондықтан, Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты әр мемлекеттің мүддесін толықтай ескере отырып зерттеу қажеттілігі тақырыптың қазіргі кездегі өзектілігін негіздейді

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Зерттеу барысында теориялық (зерттеу мәселесі бойынша ғылыми дереккөздерді, құжаттарды және басқа да әдебиет көздерін зерттеу) және эмпирикалық (жалпылау, жүйелеу, анализ, бақылау) деңгей әдістері қолданылды.

Зерттеу мақсаты – ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастық бойынша сұрақтарды екі мемлекеттің мүдделерін де ескере отырып зерттеу.

Зерттеу міндеттері:

- Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының қазіргі жағдайын ресми деректерлердің мәліметі бойынша анықтап, бағалау;

- Аталған ынтымақтастықтағы ҚР мен ҚХР-дың негізгі мүдделерін қарастыру;

- Қытай-Қазақстан байланыстарын дамытуға бағытталған нақты жобаларды зерттеп, олардың әр мемлекеттің мүдделері тұрғысынан нәтижелерін бағалау;

- Қазақстан-Қытай экономикалық байланыстарындағы әр мемлекеттің алдында туындайтын тәуекелерді және олардың шығу себептерін зерттеу.

### **Нәтижелері**

Аймақтық экономикалық ынтымақтастық – бұл өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар аймақтар арасындағы ынтымақтастық.

Соңғы жылдар ішінде Қытай Қазақстанның ең ірі сыртқы сауда серіктестерінің бірі болып қала береді. Мұндай серіктестіктің соңғы жылдарда елеулі ілгерілеуі негізінен елдердің географиялық жақындығы, ел экономикаларының бірін-бірі толықтыруы, екі елде де ауқымды реформаларды дамыту және ілгерілету сияқты факторларға байланысты. Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық қатынастары елдер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастығының негізгі қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын маңызды және көптеген мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдер негізінде дамуда.

Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстан ҚХР үшін Ресейден кейінгі ТМД-дағы ең маңызды әрі үлкен нарық болып табылады. ҚХР да өз кезегінде Қазақстанның негізгі сауда-экономикалық әріптестерінің бірі және ҚР экономикасындағы топ-5 инвестор елдің қатарына кіреді.

Мәселен, 2020 жылы Қазақстан мен Қытайдың тауар айналымы 15,4 млрд доллардан асып, 2019 жылмен салыстырғанда 4% - ға артты. Оның ішінде ҚР экспорты 12,5% - ға ұлғайып, 9 млрд долларды, ал импорт-5,9% - ға қысқарып, 6,4 млрд долларды құрады, бұл өз кезегінде ҚР сальдосының 2,7 млрд долларға оң динамикасын көрсетеді. ҚХР-ға экспортталатын тауарлардың негізгі бөлігін минералды өнімдер, металдар және химиялық өнеркәсіп өнімдері құрайды. ҚХР-дан импортталатын негізгі тауарлар тізіміне химия өнеркәсібінің өнімдері мен көлік құралдары жатады [1].

Бұл серіктестіктегі Қытайдың негізгі мүдделері анық. ҚХР үшін Орталық Азияның мемлекеттері (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан) маңызды стратегиялық аймақ болып табылады. Аумағы 3,9 млн. шаршы шақырымды құрайтын бұл аймақта 51 млн. халық тұрады. Жерінің қойнауы сирек кездесетін бағалы металлдарға, мұнай мен газға және басқа да табиғи ресурстарға бай. Осыны ескерген Қытай 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, Орталық Азия республикалары тәуелсіздік алып, әрқайсысы дербес мемлекет болған бойда бұл мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға ұмтылып, қаңырап қалған базарларын өзінің күнделікті тұрмысқа қажетті тауарларға толтырды. Сондай-ақ, Қытай құбыр арқылы Қазақстан мен Түрікменстаннан, Өзбекстаннан арзан мұнай мен газ тасымалдауға қол жеткізіп, оны жүйелі түрде жолға қойды.

Қытай басшылығы Ресей және Орталық Азия республикаларымен қарым-қатынаста шикізат тасымалдау және сауда-саттықпен шектеліп қалмау қажеттігін де жақсы біледі.

Сол себепті де кейінгі кезде БАҚ құралдарынан қытайлық корпорациялар мен фирмалардың Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстанмен қандай

да бір өндіріс орнын немесе өздеріндегі кәсіпорынның филиалын ашу жөнінде екіжақты келісімшарттарға қол қойғаны туралы жаңалық хабарлар жиі көріне бастады. Мәселен, қытайлықтар Ферғанаға қарай тартылған темір жолға 455 млн. АҚШ доллар қаржы бөліп, 19 шақырымдық тоннель салып берді. Өзбек жағының деректері бойынша, Қытаймен арадағы тауар айналымы 3 млрд. доллардан асып, Ресейді екінші кезекке ығыстырған. Осындай келісімшарт шеңберінде таяу жылдарда Қазақстанда шыны, цемент шығаратын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін 51 зауыт салынып, іске қосылмақ.

Саралап қарасақ, іргелес Орталық Азия мемлекеттері Қытай үшін тиімді табиғи ресурстар көзі және дайын тауарларын өткізетін нарық қана емес, Еуропаға шығатын қолайлы да ұтымды транзиттік дәліз болып табылады. Қарапайым ғана есеп: Қытайдың тауар тиеген контейнерлері Еуропаға кәдуілгі теңіз жолымен жөнелтілгенде 50-60 күнде, ал Орталық Азия не Ресей арқылы жіберілгенде 10-15 күнде жеткізіледі екен. Мұндай төте тасымалдаудың миллиондаған қаржы-қаржатты үнемдеп, сауда-саттықты жеделдетенін айтпаса да түсінікті [2].

Осы себеппен, 2014 жылдың соңынан бастап Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастық Жібек жолының экономикалық белдеуін (ЖЖЭБ) және "Нұрлы жол" қазақстандық ұлттық бағдарламасын ұштастыру аясында дамып келе жатқанын атап өткен жөн. Екі ел арасындағы барлық соңғы уағдаластықтар осы бағдарламаны іске асыруға бағытталған. Орталық Азияда ЖЖЭБ практикалық іске асырумен, ЖЖЭБ-ның ЕАЭО-мен және ұлттық даму бағдарламаларымен ұштасуымен байланысты проблемалар көп болғанымен, Қазақстан осы бағдарламаны іске асыруда аймақтың басқа мемлекеттерінен ілгері жылжыды [3, б.129].

Мұның себептері айқын. Біріншіден, ЖЖЭБ мен "Нұрлы жол" бағдарламалары бір-біріне мінсіз сәйкес келеді. Мысалы, Қазақстан аумағы арқылы Қытайдан жүк транзитіне, сондай-ақ Қазақстан аумағында көліктік және логистикалық инфрақұрылымды дамытуға қатысты аспектілерде ұқсас мүдделері бар. Екіншіден, Қытай Қазақстанға жомарт несие беріп отыр және ЖЖЭБ аясындағы жобаларды ғана емес, "Нұрлы жол" бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын жобаларды да қаржыландыруға дайын. Үшіншіден, Ресей мен АҚШ-тан айырмашылығы, Қытайдың әлі ешқандай алдын-ала саяси шарттар қоймауында болып табылады.

Бүгінгі таңда экономиканың барлық дерлік салаларында Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымақтастықты кеңейту бойынша жол картасы қалыптастырылды. Нақты жобалар түрінде нақты кескінге ие болған ЖЖЭБ және «Нұрлы жолды» байланыстырудың бағыттары айқындалып қана қоймай, бұл жобалардың көпшілігі қаржылық қолдауға ие болды. Қазақстанның мемлекеттік мүдделерін толық ескере отырып, бөлінген қаржы ресурстарын барынша тиімді пайдалануға тырысу – мемлекеттің басты міндеті.

Жібек жолының экономикалық белдеуінің басты мақсаты – Шығыстан – Батысқа қарай заман талабына сай жол салып, транзиттік дәліз ашумен қатар, ортақ экономикалық кеңістікті қалыптастыру. Бұл жолдардың бойында

инфрақұрылым дамып, қаншама әлеуметтік нысандар салынады, қызмет көрсету орындары ашылады, мыңдаған адамдар жұмысқа тартылады. Бұған ҚХР-дың даму және реформалар комитетінің мәліметіне қарағанда 50 млрд. АҚШ доллар қаржы бөлінеді.

Сарапшы мамандардың айтуынша, бұл жобаны жүзеге асыруда Қытайдың төмендегідей үш негізгі стратегиялық мақсаттары бар:

- халықаралық және аймақтық сауданы өрістетуге;
- Қытайдан Қазақстан мен Орталық Азия арқылы Еуропаға және Таяу Шығысқа шығатын халықаралық көліктік дәлізді қалыптастыру;
- маңызды стратегиялық әріптес саналатын Орталық Азиядағы өзінің экономикалық қатысуы мен ықпалын күшейту.

Мұндай мақсатқа сауда-экономикалық байланысты дамыту, оның жолындағы кедергілер мен қиындықтарды жою, жетілген инфрақұрылымдары бар теміржол мен автокөлік магистралдарын салу, теңіз жолының да мүмкіндіктерін пайдалану және қолайлы инвестициялық жағдай қалыптастыру арқылы қол жеткізбек.

Бастапқыда «Жібек жолының экономикалық белдеуі» деп қарастырылған «Бір жол, бір белдеу» бастамасын іске асыру кезеңіндегі Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының қорытындыларын сараптасақ, Қытай тарапының мүдделерін назарға алу қажет. Бұл бастамадағы ҚХР мүдделері айтарлықтай нақты екенін атап өтсе болады. Жоспарда экономикалық саясатты үйлестіру, инфрақұрылымның үйлесімділігі, кедергісіз сауда, қаржылық интеграция, сондай-ақ адамдар арасындағы байланыс сияқты ынтымақтастықтың басымдықтары көзделген.

«Бір жол, бір белдеу» бастамасының алғашқы жылдарындағы көрсеткіштерге сүйенсек, олар өзара сауданың, инвестицияның, жүк тасымалының өсуін, қол қойылған келісімдер санының және т.б. артуын көрсетеді. Яғни, 2016 жылдың қорытындысы бойынша, Қытай мен белдеу бойындағы елдер арасындағы тауар саудасының жалпы көлемі 947,8 миллиард АҚШ долларына жетіп, Қытайдың жалпы тауар экспорты мен импортының 25,7%-ын құрады; жалпы қызмет саудасы 122,2 миллиард долларды құрап, Қытайдың жалпы қызмет көрсету экспорты мен импортының 15,2%-ын құрады, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 3,4 пайызға артық. Инвестициялық көрсеткіштер де оң сипатқа ие болды: 2016 жылы Қытай белдеу аймақтарына жалпы сомасы 14,5 млрд. АҚШ долларын құрайтын инвестиция құйды, бұл сол кезеңдегі Қытайдың сыртқы инвестицияларының жалпы көлемінің 8,5% - ын құрады. Шетелде нысандар салуға арналған жаңа мердігерлік келісімшарттардың жалпы сомасы 126 млрд АҚШ долларына жетіп, 36% - ға артты [4, б.30].

Алайда, «Бір жол, бір белдеу» жобасының алғашқы жылдарындағы бағалаулар оң сипатқа ие болғанымен, кейбір басқа мемлекет сарапшыларының пікірінше, мысалы Foreign Policy журналындағы Т.Гридің айтуы бойынша, «Қытай үшін бұл бастама стратегиялық өрескел қателік болды» [5]. Ал, Үндістанның әскери зерттеулер орталығының қызметкері Б.Н.Кумар

"экономикалық тұрғыдан әлсіз елдер «Бір жол, бір белдеу» жобасына байланысты қарыз тұзағына және егемендік проблемаларына тап болуы мүмкін" [6] деген қауіпті көрсетеді.

Бірақ, «Бір жол, бір белдеу» бастамасының саяси емес, экономикалық аспектілеріне назар аударатын зерттеулер оны бейтарап бағалайды және Қытай үшін де, оны жүзеге асыруға қатысатын елдер, соның ішінде ҚР үшін де айтарлықтай әлеуетті атап өтеді.

Ал, ҚХР-дің жеке бағалауларына келетін болсақ, Қытай тарапы «Бір жол, бір белдеу» жобасын іске асырудағы прогресті, оның ішінде әріптес елдер үшін өзара сауданың, инвестициялардың және т.б. сандық көрсеткіштерінің өсуін айтады. Тиісінше, Қазақстанның Қытаймен екіжақты экономикалық ынтымақтастығын осындай тұрғыдан бағалау қисынды.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының негізгі проблемалық аспектілеріне келетін болсақ, олар соңғы уақыттарда өзгерген жоқ. Сонымен қатар, ЖЖЭБ мен "Нұрлы жолды" ұштастыру бағдарламасын іс жүзінде іске асыруға байланысты кейбір проблемалардың өзектілігі сәл өзгеше сипат алғанын мойындамауға болмайды. Бір жағынан, оң өзгеріс ретінде Қытайға қатысты алаңдаушылықтың айтарлықтай төмендеуі және ҚХР-ның оң имиджінің өсуін қарастырса болады. Бұған:

- өзара сауда көлемінің ұлғаюы (әсіресе "шоп-туризм" деп аталатын желі бойынша; бұл бағытта 2015-2016 жылдары біршама құлдырау байқалса да, 2017 жылдан бастап өзара сауда көлемінің, оның ішінде қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімінің Қытайға экспорты көлемінің өсуі есебінен ұлғаю үрдісі байқалады);

- Қытайда оқып жатқан қазақстандық азаматтар санының өсуі (оның ішінде едәуір бөлігі Қытай үкіметі ұсынатын гранттарда оқиды);

- туристік алмасу және ақпараттың айтарлықтай өсуі есебінен тараптардың өзара түсіністігінің артуы;

- бірлескен Қазақстан-Қытай шағын кәсіпорындарының жұмысы (оның ішінде агросферада) және т. б. факторлар әсер етеді.

Екінші жағынан, Қытайға қарсы пікірлер мен "Қытай экспансиясы" туралы алаңдаушылық бар екені де анық. Соңғы жылдары "Қытайға қарсы алаңда" қазақстандық "оппозицияның" белсенділігі айтарлықтай төмендегенін және оның қызметінің негізгі бағыты антиресейлік акцияларды өткізуге көшкенін мойындау керек.

Қазақстандағы Қытайға қарсы әрекеттер негізінен сыртқы факторлардың әсерінен немесе мемлекет тарапынан іс-әрекеттерге тиісті пиар-қолдаудың жоқтығынан, мемлекеттік ақпараттандыру саясатының дұрыс болмауынан туындаған, уақыт жағынан да, қатысушылардың құрамы жағынан да шектелген кездейсоқ құбылыс болып табылады. Бұған 2009-2010 жылдардағы «антиқытайлық шерулер» және 2016 жылдың көктеміндегі «ауылшаруашылық жерлерін қытайлықтарға беруге» қарсы митингтер жарқын мысал бола алады.

Қазақстандықтардың тағы бір қорқынышы – көршілес тұратын Қытай халқының Қазақстанға көшіп-қону деңгейінің жоғары болуы. Бұл қорқынышты

негізделген деп айтуға болады. Қытай – Қазақстанға шетелдік жұмыс күшін тарту бойынша көшбасшы болып табылады: 2010-2017 жылдары елге 100 мыңға жуық қытайлық жұмысшы келді (барлық шетелдік жұмыс күшінің үштен бірі). Бұл осы көрсеткіш бойынша екінші орында тұрған Түркия көрсеткішінен екі есе артық (1 сурет).



1 сурет – Елдер бойынша 2010-2017 жылдардағы шетелдік жұмысшылардың жалпы саны

Сондай-ақ, соңғы жылдары қытайлық жұмысшылар санының және олардың шетелдік жұмыс күшінің жалпы көлеміндегі үлесінің өсуі байқалды. 2013 жылдан бастап 2017 жылға дейін қытай жұмысшыларының саны екі есеге, ал олардың үлесі 27 – ден 43% - ға өсті.


Әдетте, қытайлық жұмысшылар санының артуын инвестициялардың өсуімен байланыстырады. Алайда, жұмыс күшінің инвестиция көлемімен арақатынасы байқалмайды. Мысалы, АҚШ, Нидерланды және Швейцария Қазақстанның негізгі инвесторлары болғанына қарамастан, олар айтарлықтай аз жұмысшыларды тартады (2 сурет).



Сондай-ақ, Африка тәжірибесі Қытайдың инвестицияланған елдерде жоғары технологиялық өндірістерді дамытуға мүдделі емес екенін көрсетеді. 20 жыл тығыз инвестициялық ынтымақтастыққа қарамастан елдер арасындағы тауар айналымының құрылымы өзгерген жоқ – Африка шикізатты (мұнай, темір кені және мақта) экспорттайды, ал дайын өнімді (жабдықтар, электроника және тоқыма) импорттайды.

Қазақстандықтарды, сондай-ақ, Қытай алдындағы мемлекеттік қарыз көлемі де алаңдатып отыр. Ресми тұлғалардың мәлімдеуінше, халықтың алаңдауына себеп жоқ, өйткені Қазақстанның Қытай алдындағы мемлекеттік қарызы жоқ, тек мемлекет кепілдік берген автожолдар құрылысы үшін алынған \$1,2 млрд көлемінде қарыз бар. Алайда, мемлекеттік сектордағы қарыздарды кеңейтілген тұрғыда алып қарасақ, яғни мемлекет бақылайтын ұйымдарды ескере отырып, нақты сома 3,5 есе жоғары – \$4,3 млрд. құрайтынын және бұл ҚХР-дың алдындағы жалпы сыртқы борыштың 40% - ға жуығын құрайтынын аңғаруға болады.

Қазақстанның Қытай алдындағы сыртқы қарыздары  
(2019 ж. 1 сәуірдегі жағдай бойынша), млрд. АҚШ  
доллары



3 сурет – ҚР-ның ҚХР алдындағы сыртқы қарыздары (2019), млрд. АҚШ доллары

### Талқылау

Қытай артық міндеттемелерсіз ұзақ мерзімге төмен пайызбен несие береді, бұл оны батыстық серіктестерге қарағанда әлдеқайда тартымды етеді. Алайда, Қытайдың бұл тәсілімен қарыз алушылар көбінесе қарыздық тұзаққа түседі. Қарыздарды төлей алмай, елдер кепілдік мүлік түрінде стратегиялық активтерді ұсынуға мәжбүр болады. 2015 жылы Шри-Ланка құрылыс үшін алған қарызын өтей алмай, Хамбантота портын Қытайға 99 жылға пайдалануға берді, Тәжікстан үкіметі "Душанбе-2" ЖЭО құрылысы үшін қарызды жабу үшін Қытайға "Жоғарғы Кумор" кен орнында алтын өндіру құқығын берді. Сондай-ақ, Пәкістан, Малайзия және Африканың 17 елі де Қытайға қарызын төлеуге киналуда [7].



Қазақстан үшін де мұндай орасан зор көлемдегі қарыз ең үлкен тәуекел болып табылады. Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіне сәйкес, Қазақстан өзара жобалардың ашық болмауына байланысты айтарлықтай қарыздық қиындықтарға тап болған Пәкістаннан 7 пункт төмен орналасқан.

Қарыз тұзақтарының негізгі себебі мәмілелердің ашық болмауы және ондағы сыбайлас жемқорлық болып табылады. Пәкістанның жаңадан сайланған премьер-министрі Имран Хан пара беруді "тиімсіз мегапроекттердің" басты себебі деп атады. Мысалы, осы себеппен Малайзияда 20 миллиард долларлық теміржол модернизациясы бұрынғы премьер-министр Наджиб Разактың ауқымды сыбайлас жемқорлық бойынша күдікті болуының себебінен тоқтатылды. Көбінесе қытайлық кәсіпкерлер сыбайлас жемқорлық схемаларын өздері ұйымдастырады. McKinsey зерттеуіне сәйкес, Африкадағы қытайлық кәсіпкерлердің 87% - ы пара бергендерін мойындады. Ашықтықтың болмауы Қытай тарапына өз пайдасын барынша арттыруға және күмәнді экономикалық әсері бар тым жоғары бағаланған жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Мұндай тиімсіз жобалардың мысалы ретінде Нұр-Сұлтан қаласындағы LRT жобасын айтуға болады. 2018 жылдың шілде айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев оның құрылысын сынға алып, осы бағыт бойынша тәулігіне 2 мың адам жолаушылар ағыны кезінде өткізу қабілеті 146 мыңды құрайтын LRT-ны іске қосудың орынсыз екенін атап өтті.

### **Қорытынды**

Қазақстан Қытаймен әріптестік қатынастар, стратегиялық өзара іс-қимыл орнатуға ұмтылады және өзінің нарықтағы орнын ҚХР-мен географиялық жақындық есебінен дамыту мүмкіндігін іздейді. Экономика саласында нарықтық қатынастар жүйесін құру және әлеуметтік-экономикалық реформаларды іске асыруда тәжірибе алмасу басым бағыт болып табылады.

Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны қазіргі уақытта газ, мұнай, металл және басқа да тауарлар экспортымен айқындалатынын мойындамау мүмкін емес. Қазіргі уақытта шикізатты терең өңдеусіз қарқынды түрде сату ҚР ұлттық экономикасының мүдделеріне толық жауап бермейді.

Қытай тарапының Қазақстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастығын дамытуға көзқарасы шикізат көздеріне қол жеткізуге қызығушылық, мүдделі қазақстандық нарық сегменттерінде өзінің қатысуын кеңейтуге ұмтылу сияқты негізгі факторларға негізделген.

Қытайдың Қазақстандағы экономикалық мүдделері оның энергетикалық саясатымен, Қазақстанның мұнайлы аймақтарын өсіп келе жатқан Қытай экономикасы үшін тұрақты және сенімді отын көзіне айналдыру ниетімен тығыз байланысты. Бұл Қытай бірнеше жыл бойы Қазақстан экономикасының ірі инвесторларының тізімінде бесінші орынды иеленіп келе жатқандығымен, оның үстіне олардың басым бөлігі мұнай-газ саласына мақсатты түрде бағытталғанымен расталады [8].

Қазақстан мен Қытайдың ынтымақтастықтың энергетикалық саласындағы өзара іс-қимылының болашағы зор. Бірақ бұл елдердің энергетикалық болашағы әлемдік энергия ресурстарының тапшылығына байланысты өзгеруі мүмкін.

Бірақ, Қазақстан өзінің Қытаймен қарым-қатынасы газ бен мұнай өндіру және тасымалдау жоспарларымен шектелмейтінін бірнеше рет мәлімдеген болатын.

Мысалы, қазіргі кезде Қазақстан мен Қытай арасындағы экономиканың барлық дерлік салаларындағы ынтымақтастығын кеңейту бойынша жол картасы қалыптастырылды. Нақты жобалар түрінде нақты кейіпке енген ЖЖЭБ мен «Нұрлы жолды» ұштастырудың бағыттары ғана емес, көпшілігінің қаржылық қолдауы бар.

Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сяоның айтуы бойынша, нәлден басталған Қытай-Қазақстан қатынастары көптеген сынақтар және халықаралық жағдайдың барлық беталыстарына төтеп берді, ерекше даму жолынан өтті, екі елдің халықтарына елеулі пайда әкеліп қана қоймай, бүкіл аймақтағы бейбітшілікке, тұрақтылық пен дамуға жәрдемдесуге маңызды үлес қосты, елдер арасындағы тату көршілік және достықпен өмір сүрудің үлгісіне айналды [9].

Ал, ҚХР-мен ынтымақтастықтағы әлеуетті тәуекелдерге келетін болсақ, мұның себебі Қытайдың өз мүдделерін алға жылжыту жөніндегі күш-жігері мен амбицияларында емес, көбінесе біздің өзімізде. Ашықтықтың болмауы және сыбайлас жемқорлық тым жоғары бағаланған және экономикалық орынсыз жобаларды іске асыру үшін алғышарттар жасайды. Еліміздегі кәсіпкерлердің өз мүдделерін қорғауға қабілетсіздігі және шетелдік инвестициялардан түсетін игіліктерді бөлуде инклюзивтіліктің болмауы қазақстандықтар үшін Қытаймен неғұрлым тығыз ынтымақтастықтың тиімділігіне күмән келтіруге мүмкіндік береді. Қытаймен ынтымақтастық, сөзсіз, болуы тиіс, бірақ, стратегиялық активтер мен ауыл шаруашылығы жерлерінің сатылуына жол бермеуіміз керек. Ал, өзара сауда және жүк транзиті аймақтық ынтымақтастықтың оңтайлы моделі болуы мүмкін.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Зебешев А. Ағымдағы кезеңдегі Қазақстан мен Қытайдың инвестициялық ынтымақтастығы. URL: <https://kapital.kz/economic/101161/investitsionnoye-sotrudnichestvo-kazakhstan-i-kitaya-na-tekushchem-etape.html>. 28.01.2022 ж

[2] Амангелді Ә. Келешегі кемел «Жібек жолының экономикалық белдеуі». [https://www.inform.kz/kz/keleshegi-kemel-zhibek-zholynyn-ekonomikalyk-beldeui\\_a3339360](https://www.inform.kz/kz/keleshegi-kemel-zhibek-zholynyn-ekonomikalyk-beldeui_a3339360). 29.01.2022 ж.

[3] Додонов В.Ю. Экономическое сотрудничество Казахстана и Китая в первые годы реализации Инициативы Пояса и Пути: оценка предварительных итогов // Проблемы постсоветского пространства. – 2019. – N 6(2). - С. 129-148. [ in Rus.]

[4] Бір белдеу, бір жол «бірлескен құрылысы: Қытайдың идеясы, тәжірибесі және үлесі / «Бір белдеу, бір жол» құрылысын ілгерілету жөніндегі жетекші жұмыс тобының кеңсесі. Пекин: шет тіліндегі әдебиеттер баспасы, 2017. - Б.30. [ in Kaz ]

[5] Грир Т. Бір Белдеу, Бір Жол, Бір Үлкен Қателік. Сыртқы саясат, 6 желтоқсан 2018 жыл. URL: <https://foreignpolicy.com/2018/12/06/bri-china-belt-road-initiative-blunder>. 30.01.2022 ж.

[6] Кумар Б.Н. «Белдеу және жол» бастамасы: өңір мен Еуразияға ықтимал қауіп. Жаңа Дели. Құрлықтағы Соғысты Зерттеу Орталығы, Қысқаша Шығарылым. URL: <https://www.researchgate.net/publication/327633281>. 30.01.2022 ж.

[7] Есдаулетов А. Какие риски для Казахстана несет сотрудничество с Китаем? URL: [https://inbusiness.kz/ru/author\\_news/kakie-riski-dlya-kazahstana-neset-sotrudnichestvo-s-kitaem](https://inbusiness.kz/ru/author_news/kakie-riski-dlya-kazahstana-neset-sotrudnichestvo-s-kitaem). 01.02.2022 ж.

[8] Чуланова З. энергетика саласындағы Қазақстан мен Қытайдың стратегиялық серіктестігі. <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/9426/>. 01.02.2022 ж. [ in Kaz ]

[9] ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сяо қазақстандық БАҚ-қа Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай сұхбат берді. URL: <https://www.fmprc.gov.cn/ce/ceka/rus/dszc/emba/t1911754.htm>. 01.02.2022 ж. [ in Kaz ]

[10] Шаймарданова З.Д. Зарубежные эксперты о политике Казахстана по возвращению этнических казахов // Матер. Междунар. науч. конф. «Казахская диаспора Центральной Азии: история – культура – памятники». - 2014. – Алматы, 2014. [ n Rus.]

#### REFERENCES

[1] Zebeshev A. Agymdagy Qazaqstan men Qytaıdyn investisialyq yntymaqtastygy [Investment cooperation between Kazakhstan and China in the current period]. URL: <https://kapital.kz/economic/101161/investitsionnoye-sotrudnichestvo-kazahstana-i-kitaya-na-tekushchem-etape.html>. 28.01.2022 j.

[2] Amangeldi A. Aldagy kemel "Jibek jolynyn ekonomikalıyq beldeyi" [Promising "Economic Belt of the Silk Road"]. [https://www.inform.kz/kz/keleshegi-kemel-zhibek-zholynyn-ekonomikalıyq-beldeui\\_a3339360](https://www.inform.kz/kz/keleshegi-kemel-zhibek-zholynyn-ekonomikalıyq-beldeui_a3339360). 29.01.2022 j.

[3] Dodonov V.Iy. Beldey jane jol bastamasyn iske asyrydyn algashqy jylдарyndagy Qazaqstan men Qytaıdyn ekonomikalıyq yntymaqtastygy: aldyn ala qorytyndylardy bagalaıy. Postkenestik kenistiktegi maseleler [Economic cooperation between Kazakhstan and China in the first years of implementation of the Belt and Road Initiatives: evaluation of preliminary results]. Problems of the post-Soviet space], 2019; N 6(2), p.129-148.

[4] "Bir beldey, bir jol "birlesken qurylysy: Qytaıdyn ideiasy, tajiribesi jane ulesi. "Bir beldey, bir jol"qurylysyn ilestiry jonindegi jetekshi jumys tobynyń keńesi. Pekın: shet tilindegi adebietter baspasy [One Belt, One Road "Joint Construction: China's Idea, Experience and Contribution. Office of the leading working group on the promotion of "One Belt, One Road"]. Beijing: Foreign Language Literature Publishing House, 2017, p. 30.

[5] Grır T. Bir Beldeıy, Bir Jol, Bir Үлкен Baılanys. Syrtqy saıasat, (One Belt, One Road, One Big Mistake. Foreign policy ) 6 qarasha 2018 j. URL: <https://foreignpolicy.com/2018/12/06/bri-china-belt-road-initiative-blunder>.30.01.2022 j.

[6] Qumar b. N. "Beldeıy jane jol" bastamasy: onir men Eyraziaga yqylımal kayıp. Jana Delı. Qurylymdaıy jaıǵaıdy Zertteu Ortalygy [Belt and Road Initiative: A Potential Threat to the Region and Eurasia. New Delhi. Land War Research Center) qysqash shyǵarym. URL: <https://www.researchgate.net/publication/327633281>. 30.01.2022 j.

[7] Esdayletov A. Qazaqstan ushin Qytaımen yntymaqtastyq qandaı tayekelderge ie? [What are the risks for Kazakhstan to cooperate with China?]. URL: [https://inbusiness.kz/ru/author\\_news/kakie-riski-dlya-kazahstana-neset-sotrudnichestvo-s-kitaem](https://inbusiness.kz/ru/author_news/kakie-riski-dlya-kazahstana-neset-sotrudnichestvo-s-kitaem) 01.02.2022.

[8] Chılanova Z. Energetika salasyndaıy Qazaqstan men Qytaıdyń strategialyq jelisi [Strategic energy partnership between Kazakhstan and China]. URL: <https://e-history.kz/ru/history-of-kazakhstan/show/942>. 01.02.2022 j.

[9] QR-nyn Qazaqstandagy Totenshe jane okiletti eli Chjan Sáo qazaqstandyq BAQ-qa Qazaqstan Tayelsizdiginin 30 jyldygyna orai suhbat berdi [Ambassador Extraordinary and Plenipotentiary of the People's Republic of China to Kazakhstan Zhang Xiao gave an interview to the Kazakh media on the occasion of the 30th anniversary of Kazakhstan's independence]. <https://www.fmprc.gov.cn/ce/ceka/rus/dszc/emba/t1911754.htm>. 01.02.2022 j.

[10] Shaimardanova Z.D. Zarubezhnye eksperty o politike Kazakhstana po vozvrashcheniyu etnicheskikh kazakhov (Foreign experts on Kazakhstan's policy on the return of ethnic Kazakhs) // Mater. Mezhdunar. nauch. konf. «Kazakhskaya diaspora Tsentral'noi Azii: istoriya – kul'tura – pamyatniki», 2014, Almaty, 2014.

## **ИНТЕРЕСЫ КИТАЯ И КАЗАХСТАНА В РЕГИОНАЛЬНОМ ЭКОНОМИЧЕСКОМ СОТРУДНИЧЕСТВЕ**

\*Асхат Г. <sup>1</sup>, Куантай А.К. <sup>2</sup>

\* <sup>1</sup> Доктор PhD КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан  
e-mail: [gulnash@inbox.ru](mailto:gulnash@inbox.ru)

<sup>2</sup> Магистрант КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Казахстан  
e-mail: [aqq0120@gmail.com](mailto:aqq0120@gmail.com)

**Аннотация.** В последние годы Китайская Народная Республика имеет статус важной экономической зоны на мировом и региональном рынках. КНР является одним из ключевых торгово-экономических партнеров Казахстана и входит в число ключевых инвесторов в экономику РК. Несмотря на недавний финансовый кризис, а также пессимистические новости о рецессии в мировой экономике, происходящей на фоне пандемии COVID-19, торгово-экономическое сотрудничество между Казахстаном и Китаем продолжает демонстрировать положительные показатели.

Однако, когда дело доходит до отношений с Китаем, мы также должны понимать, что в основном акцент делается на таких преимуществах, как диверсификация экономики и дешевое зарабатывание денег, и что потенциальные риски не могут быть достаточно сфокусированы. Поскольку интересы населения являются интересами государства, то ряд опасений населения, возникающих в ходе таких отношений, не являются необоснованными и требуют полного изучения и рассмотрения. Для выявления причин возникновения таких вызовов важно изучить личные интересы каждой стороны, то есть РК и КНР, определить точки соприкосновения этих интересов.

В этой связи, основной целью исследования является изучение вопросов сотрудничества между РК и КНР с учетом интересов обоих государств. Для достижения цели в ходе исследования были выполнены следующие задачи: оценка современного состояния казахстанско-китайских отношений; определение индивидуальных интересов каждого государства в сотрудничестве; изучение конкретных проектов, направленных на развитие таких связей, оценка того, насколько они удовлетворяют интересы каждой из сторон; выявление рисков перед РК и КНР, возникающих в китайско-казахстанских отношениях. В результате исследования был сделан вывод, что китайско-казахстанское сотрудничество, безусловно, должно быть, но мы должны уделять больше внимания личным интересам Республики Казахстан и интересам народа.

**Ключевые слова:** региональный рынок, торгово-экономическое сотрудничество, диверсификация экономики, возможные риски, интересы сторон.

## **INTERESTS OF CHINA AND KAZAKHSTAN IN REGIONAL ECONOMIC COOPERATION**

\*Askhat G. <sup>1</sup>, Kuantay A.K. <sup>2</sup>

\*<sup>1</sup> Doctor PHD in International Relations, Ablai Khan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: [gulnash@inbox.ru](mailto:gulnash@inbox.ru)

<sup>2</sup> MA student in International Relations, Ablai Khan KazUIRandWL,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: [aqq0120@gmail.com](mailto:aqq0120@gmail.com)

**Annotation.** In recent years, the People's Republic of China has had the status of an important economic zone in the global and regional markets. China is one of the key trade and economic partners of Kazakhstan and is among the key investors in the economy of Kazakhstan. Despite the recent financial crisis, as well as pessimistic news about the recession in the global economy taking place against the background of the COVID-19 pandemic, trade and economic cooperation between Kazakhstan and China continues to show positive indicators.

However, when it comes to relations with China, we also need to understand that the main focus is on benefits such as economic diversification and cheap money making, and that potential risks cannot be sufficiently focused. Since the interests of the population are the interests of the State, a number of concerns of the population arising in the course of such relations are not unfounded and require full study and consideration. To identify the causes of such challenges, it is important to study the personal interests of each side, that is, the ROK and the PRC, to determine the points of contact of these interests.

In this regard, the main purpose of the study is to study the issues of cooperation between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China, taking into account the interests of both states. To achieve the goal, the following tasks were performed during the study: assessment of the current state of Kazakh-Chinese relations; determination of the individual interests of each state in cooperation; study of specific projects aimed at developing such ties, assessment of how they satisfy the interests of each of the parties; identification of risks to the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China arising in Sino-Kazakh relations. As a result of the study, it was concluded that Chinese-Kazakh cooperation, of course, should be, but we should pay more attention to the personal interests of the Republic of Kazakhstan and the interests of the people.

**Keywords:** regional market, trade and economic cooperation, economic diversification, possible risks, interests of the parties.

*Статья поступила 14.02.2022*